



**БҰЙРЫҚ**

2018 ж. Қапан

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 527

город Астана

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 337 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 337 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда:

29-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29-1. Мектепке дейінгі балалар ұйымына жолдама баланың жасы мен жас тобына сәйкес ұсынылған орын бойынша беріледі.

Жолдама беру кезінде жас тобын анықтау үшін баланың жасы ағымдағы күнтізбелік жылдың соңына дейін толық жасқа жету жағдайы бойынша ескеріледі.»;

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Кезекті басқару жүйесі бақылауды ұйымдастырады және өтініш берушіге жыл сайынғы 1 (бірінші) қазанға дейін мектепке дейінгі ұйымға орын алуға мүдделі екенін растауға мүмкіндік береді.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Кезекті басқару жүйесі кезек әкімшісінің интернет-ресурсында өтініш берушіге орын алуға мүдделілігінің сақталуы туралы белгі қоюға мүмкіндік береді.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Кезекті басқару жүйесі белгіленген мерзімде өтініш беруші мүдделі екенін растамаса, өтініш кезектен алынады және тоқтату парағына орналастырылады.»;

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Кезекті басқару жүйесі өтініш берушіге мектепке дейінгі ұйымнан орын алуға мүдделі екенін растау қажеттілігі туралы ескерту-хабарламаны:

1) мүдделі екенін растамаған өтініш берушілерге белгіленген мерзімге дейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;

2) тоқтату парағында орналасқандарға белгіленген мерзім өткеннен соң күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін жібереді.

Кезекті басқару жүйесі мұндай хабарламаны өзінің мүдделі екенін әлі растамаған өтініш берушіге жібереді.»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

52. Кезекті басқару жүйесі жіберілген хабарламаның жеткізілуіне кепілдікті қамтамасыз ете алмайды және сәйкесінше байланыс арналарының жұмыс істемеуі жағдайында хабарламаны қайта жібермейді немесе өтініш берушінің адресатының (байланыс деректері, электронды поштасы) қол жетімсіздігі жағдайында хабарламаны қайталамайды.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**



**Е. Сағадиев**